

**"Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі есептердің нысандарын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін  
атқарушының 2018 жылы 31 мамырдағы № 419 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 25 тамыздағы № 200 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 26 тамызда № 21128 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі есептердің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 419 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17050 болып тіркелген, 2018 жылғы 26 маусымда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 90-бабының 5-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі мерзімді есеп нысаны осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі түпкілікті есеп нысаны осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрі*

*М. Мирзагалиев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігінің  
Статистика комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрінің  
2020 жылғы 25 тамызы  
№ 200 Бұйрыққа  
1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушының 2018 жылғы  
"31" мамырдағы № 419  
бұйрығына  
1-қосымша  
Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

## **Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі мерзімді есеп нысаны**

Есептік кезең: 20\_\_ ж.

Индекс: 1-ЖҚГЗ.

Кезеңділігі: жылдық.

Ұсынатын тұлғалардың аясы: жер қойнауын пайдаланушылар.

Қайда ұсынылады: жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

Ұсыну мерзімі: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне дейін.

Есеп мынадай құрылымдық элементтерден тұрады:

- 1) заттаңба;
- 2) мазмұн бөлігі;
- 3) орындалған геологиялық барлау жұмыстарының түрлері мен көлемі және объекті бойынша есептен шығаруға жататын шығындар туралы анықтама;
- 4) есептік формуляр.

## Типтік мекенжай бөлігі

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық почта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Ескертпе: Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі мерзімді есеп нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға 1-қосымшада берілген.

Жер қойнауын геологиялық  
зерттеу жөніндегі мерзімдік есеп  
нысанына  
1-қосымша

## Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі мерзімді есеп нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме

Есеп\* жоспарланған жұмыстардың кезеңдеріне сәйкес және нақты орындалуына қарай қалыптастырылады және мынадай ақпаратты қамтиды:

1. Заттаңба өлшемі 140-150 x 100-110 миллиметр тіктөртбұрыш пішінінде болады, есептің әрбір кітабы, дәптері, папкасы мұқабасының ортасында орналасады және жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі мерзімді есеп нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге 1-қосымшаға сәйкес тиісті нысанда әзірленеді.

2. Мазмұн бөлігі есепті кезеңдегі геологиялық барлау жоспары немесе жерасты суларына іздеу-бағалау жұмыстарын жүргізу жоспарына сәйкес орындалған жұмыстар туралы мәліметтерді қамтиды.

3. Орындалған геологиялық барлау жұмыстарының түрлері мен көлемі және объект бойынша есептен шығаруға жататын шығындар туралы анықтамада жоспарланған (жоба бойынша) және нақты орындалған жұмыстардың түрлері мен көлемдері физикалық өлшемде, геологиялық барлау жұмыстарының сметалық құнының жиынтық есебіне сәйкес зерттеулердің сатылар мен түрлеріне бөлінген жұмыстардың сметалық құны мен нақты шығындары, ал геологиялық түсірілім жұмыстары үшін геологиялық түсірілімнің бір шаршы километрінің сметалық және нақты құны көрсетіледі. Анықтамаға қаржылық-экономикалық қызметтің басшысы (бас бухгалтер) және

жұмысты қаржыландыруды қамтамасыз ететін ұйымның бірінші басшысы қол қояды. Екі немесе одан да көп кітаптардан тұратын есепке арналған анықтама бірінші кітапта орналастырылады.

Орындалған геологиялық барлау жұмыстарының түрлері мен көлемі және объекті бойынша есептен шығаруға жататын шығындар туралы анықтама Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі мерзімді есеп нысанын толтыру жөніндегі түсіндірмеге 2-қосымшаға сәйкес толтырылады.

4. Есептің формуляры Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі мерзімді есеп нысанын толтыру жөніндегі түсіндірмеге 3-қосымшаға сәйкес тиісті нысанда әзірленеді

Ескертпе:

\* Есептердің әрбір кітабы жұмсақ түптемеде (жұмсақ картон мұқабада) ресімделеді. Есеп қағаз және электрондық түрде жасалады. Қағаз тасымалдағыштағы геологиялық есептің данасы Өңіраралық департаменттердің аумақтық қорларына сақтауға тапсырылады, ал Республикалық геологиялық қорға тек электрондық нұсқасы (түгел қолдарымен және мөрлерімен бірге, есептің қағаздағы нұсқасына ұқсас) флэш жинағыштарда немесе компакт-дискіде тапсырылады.

Ескертулер болмаған жағдайда, есеп жіппен тігіледі.

Жер қойнауын геологиялық  
зерттеу жөніндегі мерзімді есеп  
нысанын толтыру жөніндегі  
түсіндірмеге  
1-қосымша  
Нысан

**Заттаңба Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар  
министрлігі Геология комитеті \_\_\_\_\_ жер  
қойнауын пайдаланушының атауы \_\_\_\_\_  
жұмыстарды орындаушы ұйымның атауы**

Рұқсатты шектеу белгісі \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ дана  
Жауапты орындаушы \_\_\_\_\_  
тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

**Есеп \_\_\_\_\_ есептің  
толық атауы бағдарламаның/кіші бағдарламаның, тақырыптың атауы және  
нөмірі, лицензияның/келісімшарттың сериясы және нөмірі \_\_\_\_\_**

кітаптардың жалпы саны \_\_\_\_\_

кітаптың реттік нөмірі және атауы \_\_\_\_\_

Есептің шығарылған орны, жылы \_\_\_\_\_

Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі  
мерзімді есеп нысанын толтыру жөніндегі  
түсіндірмеге  
2-қосымша

Орындалған геологиялық барлау жұмыстарының түрлері мен көлемі және  
объект бойынша есептен шығаруға жататын шығындар туралы Анықтама \_\_\_\_\_

объектінің, бағдарламаның/кіші бағдарламаның атауы, лицензияның/  
келісімшарттың сериясы және нөмірі, жұмыстарды орындау мерзімі

| № р/<br>с | Жұмыстардың атауы                                      | Өлшем<br>бірлігі | Жоба бойынша<br>бекітілді | Орындалды | Қаржыландырылды<br>, теңге |   |   |   |
|-----------|--|------------------|---------------------------|-----------|----------------------------|---|---|---|
| 1         | 2  | 3                | 4                         | 5         | 6                          | 7 | 8 | 9 |
| А         | Геологиялық барлау жұмыстары (<br>орындалған жұмыстар) |                  |                           |           |                            |   |   |   |
| Б         | Ілеспе жұмыстар  |                  |                           |           |                            |   |   |   |

|  |  |
|--|--|
| Сомасы (жазбаша жазу) _____  |  |
| Тапсырыс берушіден:<br>лауазымы, тапсырыс беруші<br>ұйымның атауы _____<br>тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)<br>М.О. | Орындаушыдан:<br>лауазымы, орындаушы<br>ұйымның атауы _____<br>тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)<br>М.О. |
| Тапсырыс беруші ұйымның қаржылық-экономикалық<br>қызметінің басшысы _____<br>тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)       | Орындаушы ұйымның қаржылық-экономикалық<br>қызметінің басшысы _____<br>тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) |

Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі  
мерзімді есеп нысанын толтыру жөніндегі  
түсіндірмеге  
3-қосымша  
Нысан

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар  
министрлігі Геология комитеті \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ **Геология комитетінің аумақтық органының атауы** \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ **жөніндегі есеп жасалған жұмыстың атауы есептің**

**Формуляры**

Есептің авторы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

| р/с № | Жазу күні | Жазудың мазмұны   | Жазған тұлғаның атқаратын лауазымы және қойылған қолы |
|-------|-----------|---|---|
| 1.    |           | Есеп республикалық геологиялық қорға сақтауға қабылданды                                | Департамент директоры _____                           |
| 2.    |           | Есепті өңіраралық геология департаменті қарады және қабылдады:                          | Геологиялық қорлардың басшысы _____                   |
| 3.    |           | Есепті жер қойнауын пайдаланушы қарады және қабылдады                                   | Басшы _____   |
| 4.    |           | Есепті жер қойнауын пайдаланушының мердігер кәсіпорны (орындаушы) қарады және қабылдады | Басшы _____   |

Формуляр есептің әрбір данасына қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Бұйрыққа

2 – қосымша

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушының 2018 жылғы  
"31" мамырдағы № 419  
бұйрығына  
2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

**Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі түпкілікті есеп нысаны**

Индекс: 2-ЖҚГЗ.

Кезеңділігі: бір жолғы.

Ұсынатын тұлғалардың аясы: жер қойнауын пайдаланушылар.

Қайда ұсынылады: жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

Ұсыну мерзімі: лицензияның қолданылуы тоқтатылған күннен бастап үш айдан кешіктірмей.

1. Есептер мәтіндік және графикалық (графикалық қосымшалары болғанда) және ғарыштық суреттерден тұрады. Есептер мынадай құрылымдық элементтерден тұрады:

1) заттаңба (есеп мәтінінің мұқабасында);

- 2) атау парағы;
- 3) орындаушылардың тізімі;
- 4) реферат;
- 5) геологиялық тапсырма (техникалық тапсырма);
- 6) мазмұны;
- 7) иллюстрациялардың, кестелердің тізімі (болған кезде);
- 8) мәтіндік қосымшалардың тізімі (болған кезде);
- 9) графикалық қосымшалардың тізімі (болған кезде);
- 10) мазмұнды бөлігі;
- 11) пайдаланылған ақпарат көздерінің тізімі (әдебиет);
- 12) мәтіндік қосымшалар (болған кезде);
- 13) кестелер, иллюстрациялар (болған кезде);
- 14) графикалық қосымшалар (болған кезде);
- 15) метрологиялық сараптаманың қорытындысы;
- 16) патенттік зерттеулер туралы қорытынды (болған кезде);
- 17) формуляр;
- 18) рецензия (рецензиялар);
- 19) есептерді қарау хаттамасы (хаттамалары);
- 20) бастапқы геологиялық материалдарды тапсыру актісі;
- 21) орындалған жұмыстардың көлемі және есептен шығаруға жататын шығындар туралы анықтама;
- 22) есептер сақтауға жіберілетін ұйымдардың тізбесі.

2. Есеп қағаз және электронды (флэш-сақтауыштарда, не компакт дискіде) түрде үш данада дайындалады. Геологиялық есептің бір данасы Республикалық геологиялық қорға, екіншісі – тиісті Өңіраралық департаменттердің аумақтық қорларына сақтауға жолданады, үшіншісі – жер қойнауын пайдаланушыда сақталады.

3. Геологиялық есептің мәтіні компьютерде А4 (297 x 210 миллиметр) пішімінде теріледі. А3 пішімі кестелер үшін пайдаланылады. Компьютерлік теру кезінде Word мәтіндік редакторы, № 14 көлемдегі Times Kaz қаріпі, № 14 көлемдегі Times New Roman қаріпі, № 12 көлем кестелерге, бірдей жол аралық қашықтық пайдаланылады.

4. Есептер мынадай параметрлерді есепке алумен ресімделеді:

- 1) сол жақтан – 3,0 сантиметр;
- 2) оң жақтан – 1,5 сантиметр;
- 3) колонтитулдар – 2,0 сантиметр.

5. Есептердің беттерін нөмірлеу – өтпелі және әр кітаптың шегінде өздік. Атау парағы нөмірленбейді.

6. Есептің көлемі 300 беттен артық болғанда, бөлімдерге бөлінеді және 300 беттен аспайтын көлемде жеке кітап түрінде жинақталады, заттаңбада және атау парағында кітаптың нөмірі қойылады және үлкен әріптермен жазылады.

7. Түптеу кезінде есеп кітабы тек қана жіппен тігіледі.

8. Есептердің әр кітабы қатты түптемеде (мұқабасы) әзірленеді.

9. Пайдалы қазбалар кен орындарының паспорты немесе кен орындары мен көрініс-белгілерінің каталогы бар болса, олар жеке кітап түрінде есептерге қоса беріледі.

10. Заттаңба мөлшері 140-150x100-110 миллиметр тікбұрыш пішімінде болады, есептің әр кітабы, дәптері, папкасы мұқабасының ортасында орналасады және осы Нысанға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

11. Атау парағы есептің бірінші парағы болып табылады және төменде берілген нұсқалардың бірі бойынша ресімделеді:

- жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу бойынша орындалған жұмыстар жөніндегі есеп осы Нысанға 2-қосымшаға сәйкес ресімделеді;

- Өңіраралық департаменттерде жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу бойынша орындалған жұмыстар жөніндегі есеп осы Нысанға 3-қосымшаға сәйкес ресімделеді;

- жер қойнауын пайдаланушылардың қаражаты есебінен орындалған жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі есеп осы Нысанға 4-қосымшаға сәйкес әзірленеді;

- екі немесе одан да көп кітаптардан тұратын есеп үшін (есептің екінші және одан кейінгі кітаптарының атау парағы) осы Нысанға 5-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

12. Орындаушылардың тізімінде барлық орындаушылардың тегі мен олардың қойылған қолдары болады. Екі немесе одан да көп кітаптардан тұратын есептердің орындаушылар тізімі бірінші кітапта беріледі.

13. Реферат қағаздың бір парағында басылады және мыналарды қамтиды:

1) жауапты орындаушының тегі мен аты-жөні (бас әріптермен жазылады), одан әрі басқа орындаушылардың тегі көрсетіледі;

2) есептің атауы, мәтін беттерінің жалпы саны, мәтіндегі иллюстрациялардың, кестелердің жалпы саны, мәтіндік және графикалық қосымшалар саны, (әрбір папкада графикалық қосымшалардың парақтарының саны), ғылыми-техникалық алқада немесе қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссияда есепті қарау хаттамасы, электрондық дискілердің саны, есепті жасаған ұйымның атауы және оның толық мекен-жайы, есепті аяқтаудың айы мен жылы, оларға есеп жіберілген ұйымдар тізімі (жақша ішінде), әкімшілік облыс және шегінде жүргізілген жұмыстардың аумағы орналасатын 1: 1000000 масштабтағы халықаралық жолақтауға сәйкес парақтардың номенклатурасы (егер есеп бірнеше кітаптан тұратын болса, онда әр кітаптың көлемі жеке көрсетіледі), орындалған жұмыстардың мәні, мақсаты, әдістері мен нәтижелері туралы мәліметтер, қысқаша қорытындылар, есепте баяндалған жұмыстардың тиімділігі, негізгі нәтижелерді қолдану салалары мен мүмкіндіктері туралы мәліметтер;

3) есепті дайындаушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда).



14. Геологиялық (техникалық) тапсырмада жұмыстардың бекітілген мерзімі, оның мақсаттары, міндеттері мен кезеңдері туралы нақты мәліметтерді қамтуы тиіс. Келісімшарттық аумақтарда жер қойнауын пайдаланушының қаражаты есебінен жұмыстар жүргізілген кезде геологиялық есепке геологиялық тапсырманың орнына келісімшартқа ең аз жұмыс бағдарламасы немесе одан үзінді енгізіледі.

15. Парақтың бір жақ бетінде басылған Геологиялық (техникалық) тапсырманың түпнұсқасы ұсынылады.

16. Мазмұн орналасқан беттердің нөмірлерін көрсете отырып, есептің барлық тақырыптары, бөлімдері, кіші бөлімдері, тармақтары мен қосымшалардың тізбектелген тізімін қамтиды.

17. Егер геологиялық есеп екі және одан да көп кітаптардан тұрса, онда бірінші кітапта – әрбір кітап бойынша жеке-жеке барлық геологиялық есептің мазмұны, ал кейінгілерінде тек қана осы кітаптың мазмұны көрсетіледі.

18. Иллюстрациялардың, кестелердің тізімінде барлық иллюстрациялар мен кестелердің нөмірлері мен тақырыптары және олар орналасқан есеп мәтініндегі беттер көрсетіледі. Екі және одан да көп кітаптардан тұратын есептің бірінші кітабында кітаптардың нөмірлері көрсетіліп, барлық иллюстрациялардың, кестелердің және мәтіндік қосымшалардың тізімі беріледі, ал кейінгілерінде - тек қана сол кітаптың иллюстрацияларының, кестелерінің және мәтіндік қосымшаларының тізімі беріледі. Мәтіндік қосымшалардың тізімінде қосымшаның реттік нөмірі, оның тақырыбы (мәтіндегі қосымшаның тақырыбына тура сәйкес келетін) және ол орналасқан беттің нөмірі көрсетіледі. Графикалық қосымшалардың тізімі есептің бірінші томында және графикалық қосымшалары бар папкаға салынады және осы нысанға 6-қосымшаға сәйкес ресімделеді. Тізімдегі реттік нөмірі графикалық қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышында қызыл түспен көрсетілетін парақ нөміріне сәйкес келеді. Әрбір папкадағы тізімнің реттік нөмірі бірден басталады, ал қосымшаның нөмірі өтпелі болуы мүмкін. Тізімнің төменгі жағында мыналар көрсетіледі: "есепте барлығы – (саны көрсетіледі) сызба – (саны көрсетіледі) парақта, оның ішінде – (саны көрсетіледі) графикалық қосымша – (саны көрсетіледі) парақта – "күпия" немесе "қызмет бабында пайдалану үшін" белгісі бар".

19. Мазмұн бөлімі кіріспе, негізгі бөлім мен қорытындыдан тұрады.

20. Пайдаланылған дереккөздер (әдебиет) тізімі әліпби тәртібімен түзіледі және оған барлық қолжазба (қордағы) және жарияланған материалдар қамтылады, бірінші кітапқа салынады. Бір автордың бірнеше жұмысы болған кезде, олар басылып шыққан жылдар бойынша, ал жылдары бірдей болған жағдайда – олардың атаулары әліпби тәртібімен көрсетіледі. Одан кейін бірлесіп жазылған жұмыстар, әліпби тәртібімен бірлескен авторлардың тектері, ал авторлық ұжымдар бірдей болған жағдайда – басылымдардың хронологиялық тәртібімен беріледі. Есептің (дереккөздің) библиографиялық сипаттамасында: автордың (авторлардың) тегі мен аты-жөні, есептің

тақырыбы болады. Тақырыптан кейін "есеп" деген сөз, есепті басып шығарған ұйымның атауы, шығарылған қала мен жылы жазылады.

21. Мәтіндік қосымшаларға еркін нысанда (А4 пішімінде немесе А3 бүктелген түрде) немесе есептің толықтығы мен қорытындыларды түсіндіру үшін қажетті кестелер түрінде ресімделген немесе олар үшін бастапқы материал болған (ұңғыма мен қиманың сипаттамасы) қосалқы материалдар, қорларды есептеу кестесі, зертханалық анықтамалардың нәтижелері және олардың математикалық өңдеуі қамтылады.

22. Әр мәтіндік қосымшаның тақырыбы жаңа парақтан басталады.

23. Мәтіндік қосымшасы бар парақтың оң жақ жоғарғы бұрышына бас әріптермен "қосымша" деген сөз басылады. Егер мәтіндік қосымшалар екеу және одан да көп болса, оларды араб цифрларымен "№" деген белгісіз нөмірлейді.

Цифрлық, мәтіндік немесе аралас материалдарды қамтитын кестелер, есептерде мәтіннің ішіндегі беттерде де, жеке беттерде де орналастырылады.

24. Әр кесте тақырыбы оның мазмұнын көрсетеді. Тақырып жолдық әріптермен (алғашқы бас әріптен басқасы) соңында нүктесіз және кесте үстінің ортасында орналастырылады.

25. Кестелер есептің әрбір бөлімі бойынша жеке нөмірленеді. Кестенің нөмірі бөлім нөмірі мен кестенің нүкте арқылы бөлінген, реттік нөмірінен тұрады. Егер есепте тек қана бір кесте болса, ол нөмірленбейді және "кесте" сөзі жазылмайды. Кесте нөмірі оң жағынан тақырыптан жоғары екі интервалда немесе дефис (жолдау басынан) арқылы атауы мен бір жолда орналастырылады.

26. Кесте ол туралы алғашқы рет аталып өтілгеннен кейін орналастырылады.

27. Көп жолдары бар кесте басқа бетке тасымалданады, бірақ кестенің жолдары нөмірленеді және олардың нөмірленуі кестенің келесі бөліктерінде де қайталаынады. Тақырып пен реттік нөмір тек қана кестенің бірінші бөлігінің үстінде көрсетіледі, ал келесі бөлшектердің үстіне- "Жалғасы" деген сөз жазылады. Көп бағаны мен жолдары бар кестені бөлікке бөлуге және бір бөлігін бір бөліктің астына бірнеше беттерде орналастыруға жол беріледі. Осындай жағдайда кестенің әрбір бөлігінде оның бүйірі немесе атауы тиісінше қайталаынады.

28. Мәтін мен кестелердің ескертулерінде анықтамалық және түсіндірме деректер ғана көрсетіледі. Егер бір ғана ескерту болса, онда оны нөмірлемейді, "Ескертпе" деген сөзден кейін қос нүкте қойылады. Егер бірнеше ескертулер болса, онда "Ескертпе" деген сөзден кейін қос нүкте қойылып, ескертулердің мазмұны араб цифрларымен нөмірленеді.

29. Иллюстрациялар, олардың бөлшектері мен жазулары (масштабы мен анықтылығы), сапалы қайта өндіру, микрофильмдер жасау, сканерлеу мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей ресімделеді: барлық иллюстрациялардағы сызықшалардың ең төменгі жуандығы 0,2 миллиметр, сызықтардың арасындағы қашықтық 0,8 миллиметрден кем емес, жазудағы қаріптердің ең төменгі мөлшері - 2,5 миллиметр,

шартты таңбалар ретінде пайдаланылатын геометриялық мүсіндер қабырғаларының (диаметрнің) ең төменгі мөлшері - 2,5 миллиметр. Осы тармақта жазылған шектеулер есепке графикалық қосымшаларға да қолданылады.

30. Барлық иллюстрациялар (фотосуреттер, суреттер, схемалар, сызбалар және т.б.) сурет деп аталады да, "Сур." деген сөзбен белгіленіп, тараудың шегінде ретімен араб цифрларымен нөмірленеді. Иллюстрацияның нөмірі тараудың нөмірі мен оның нүкте арқылы бөлінген реттік нөмірден тұрады.

31. Егер есепте бір ғана иллюстрация болса, ол нөмірленбейді және "Сур." деген сөз жазылмайды.

32. Иллюстрациялардың атаулары мен түсініктеме деректері бар. Атау иллюстрацияның үстіңгі жағына, түсініктеме деректер – астыңғы жағына орналастырылады және бас әріппен, сурет астындағы мәтін - кіші әріппен (алғашқы кіші әріптен басқа) басылады. Иллюстрацияның нөмірін, түсініктеме деректерден төмен, ал егер олар жоқ болса – тура иллюстрацияның астына орналастырады. Иллюстрацияның нөмірін, дефис арқылы, атауымен бір жолда орналастыруға жол беріледі.

33. Иллюстрациялар компьютерлік технология мен қара сияны пайдалана отырып, сызықталған не болмаса ксерокопиялық және полиграфиялық әдістермен көбейтілген болады.

34. Тігілетін кесте мәтіні мен иллюстрациялар жеке беттерде орналастырылады және ортақ нөмірленуге қосылады. Парақта жасалған, есептің форматынан үлкен (бірақ А3 форматынан асырмайтын) үлкен кестелер мен иллюстрациялар бүктеліп бір парақ түрінде нөмірленеді.

35. Есептің әрбір графикалық қосымшасына, оның ішінде көппарақты қосымшаның әрбір парағына осы нысанға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша парақтың астыңғы оң жақтағы бұрышына полиграфиялық әдіспен немесе қара сиямен орындалған бұрыштама мөртабан қойылады.

36. Құжатқа рұқсатты шектеу белгісі (егер болған жағдайда) графикалық қосымшаның әрбір парағының оң жақ жоғарғы бөлігіне қойылады.

37. Карталарды білдіретін графикалық қосымшалардың бұрыштама мөртабанында масштабтан басқа, осы қосымшаны құрастырғанда пайдаланылған картографиялық негіз көрсетіледі. Есептің электрондық нұсқасында графикалық қосымшалар геологиялық қорларда пайдаланылатын компьютерлік бағдарламалар форматы Portable Document Format (PDF форматы) көшірмесін қоса бере отырып, бағдарлама-құрастырушының түпнұсқалық форматында ұсынылады.

38. Графикалық қосымшалар 210x300 миллиметр, қалыңдығы 70-80 миллиметрден аспайтын пішімдегі папкаларға салынады. Аландық геологиялық түсіру жұмыстары бойынша графикалық қосымшалар халықаралық стандартты бөліп сызу парақтарында, 700x700 миллиметрлік мөлшеріндегі папкаларға салынып, ұсынылады.

39. Графикалық қосымшалардың барлық парақтары бұрыштама мөртабан парақтың беткі жағында тұратындай етіп, папка пішімі бойынша салынады.
40. Папкада орналасқан графикалық қосымшалар тігілмейді, бірнеше бетте жасалған қосымшаның жеке парақтары жабыстырылмайды.
41. Графикалық қосымшалар бар папкаға, осы нысанға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заттаңба жабыстырылады. Заттаңбада "Графикалық қосымшалар" деген тақырыпша беріледі, бұл ретте кітап нөмірі көрсетілмейді. Егер графикалық қосымшалары бар папка біреуден көп болса, олар нөмірленеді және нөмір заттаңбада көрсетіледі.
42. Екі немесе одан да көп кітаптардан тұратын есептер үшін метрологиялық сараптама қорытындысы бірінші кітапта орналасады.
43. Есептер үшін патенттік зерттеулер туралы қорытындысы осы нысанға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.
44. Бірнеше кітаптан тұратын есептер үшін патенттік зерттеулер туралы қорытынды олардың біріншісінде орналастырылады.
45. Есептік формуляр осы нысанға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.
46. Қосымшалары бар метрологиялық сараптама қорытындысы, патенттік зерттеулер туралы қорытындысы және орындалған жұмыс көлемдері мен шығындары есептен шығару туралы анықтамасы бар есептер жұмысты орындаушы ұйымға белгілеген тәртіпке сәйкес рецензиялауға беріледі.
47. Рецензияның тақырыбында есептің толық атауы (есептің атауына сәйкес), шифры, жауапты орындаушының тегі қамтылады.
48. Бастапқы геологиялық материалдар есепке қоса берілетін бастапқы геологиялық материалдарды тапсыру актісі бойынша өңіраралық департаменттің архивіне тапсырылады. Екі немесе одан да көп кітаптардан тұратын есепке арналған бастапқы геологиялық материалдарды тапсыру актісі сол есептің бірінші кітабына орналастырылады және осы нысанға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.
49. Орындалған геологиялық барлау жұмыстарының түрлері мен көлемдері және объект бойынша есептен шығаруға жататын шығындар туралы анықтамада жоспарланған (жоба бойынша) және нақты орындалған жұмыстардың түрлері мен көлемдері физикалық мөлшермен, геологиялық барлау жұмыстарының сметалық құнының жиынтық есебіне сәйкес сатыларға және түрлерге бөлінген жұмыстардың сметалық құны мен нақты шығындары, ал геологиялық түсірілім жұмыстары үшін геологиялық түсірілімнің бір шаршы километрінің сметалық және нақты құны көрсетіледі. Анықтамаға қаржылық-экономикалық қызметтің басшысы (бас бухгалтер) және жұмысты қаржыландыруды қамтамасыз ететін ұйымның бірінші басшысы қол

қояды. Анықтамаға қойылған қолдар мөрмен расталады. Екі немесе одан да көп кітаптардан тұратын есепке арналған анықтама бірінші кітапқа орналастырылады және осы нысанға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

50. Егер есеп бірнеше кітаптан тұрса, қарау хаттамасы бірінші кітапқа салынады. Хаттама есеп мәтінінің ішінде беріледі немесе оның көлемі үлкен (7-беттен көп) болған жағдайда, есепке жеке қосымша түрінде ұсынылады.

51. Есептерді сақтауға жіберілетін ұйымдардың тізбесі есептің бірінші томының соңғы бетінде орналастырылады және осы нысанға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

52. 1942 жылғы бірыңғай мемлекеттік координаттар жүйесінде (СК-42) жасалған координаталар каталогы жеке дәптерде орындалады және ол есептің ажырамас бөлігі болып табылады. Құпия емес нысанда жасалған координаталар каталогы есептің бірінші кітабында ресімделеді және осы нысанға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

## **Іздеу-бағалау жұмыстарының нәтижелері бойынша жерасты суларын пайдалану қорларын есептеудің есеп нысаны**

### **1. Кіріспе:**

суға қажеттілікті негіздеу, объектінің қазіргі сумен жабдықтау туралы деректер, бекітілген қорларды және қажеттілігі бар нақты су іріктеумен салыстыру, оны қанағаттандыру көздері; кен орнындағы (учаскедегі) барлау гидрогеологиялық жұмыстарды жүргізу қажеттілігін негіздеу;

жерасты суларының нысаналы мақсаты, олардың сапасы және пайдаланылу режиміне қойылатын талаптар;

суды жинау схемалары, жерасты суларын нысаналы мақсаты бойынша пайдалану ықтималдігі және суды пайдалану талаптары;

су іріктеудің қоршаған табиғи ортаға ықтимал әсері, емдік минералды, өнеркәсіптік және жылу энергетикасына арналған сулар үшін – пайдаланылған суларды (өнеркәсіптік ағындарды) ағызу, кәдеге жарату немесе көмудің ықтимал әсері жөніндегі деректер;

кен орнын (учаскедегі) игерудің белгіленген мерзімдері;

аудандағы жерасты суларының бұрын бекітілген немесе байқалған пайдалану қорлары Мемлекеттік пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі комиссияның, Аумақтық пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі комиссияның немесе Мемлекеттік жер қойнауын сараптау жөніндегі комиссияның қорларды бұрын бекітуі немесе сынау хаттамаларының күні мен нөмірі, кесте түрінде қорлардың санаттары), сондай-ақ барланған, бірақ бекітілмеген қорлар туралы мәліметтер;

аудандағы қаралатын және ұқсас кен орындары (аумақтары) бойынша бұрынғы шешімдерде қамтылған Мемлекеттік жер қойнауын сараптау жөніндегі комиссияның (Мемлекеттік пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі комиссияның, Аумақтық пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі комиссия) ұсынымдарын орындау;

орындаушы ұйым және бірге орындаушылар (жұмыстар түрлері бойынша), далалық және камералдық жұмыстарды жүргізу мерзімдері туралы мәліметтер, жұмыстарды орындаушы тұлғалардың тізбесі, олардың зерттеулерді жүргізуге және есепті жасауға қатысу деңгейі қамтылады.

## 2. Жұмыстар ауданы мен кен орны (учаскесі) туралы жалпы мәліметтер:

кен орнының (аумақтың) әкімшілік және географиялық орналасуы, оның суды тұтыну объектілеріне дейінгі қашықтығы; жақын елді мекендер және оларға дейінгі қашықтық; қатынау жолдары; кен орнының (аумақтың) шекаралары және оның ауданы ;

климат туралы мәліметтер: ауданның метеорологиялық зерттелуі (метеорологиялық станциялар, олардың биіктік қалыбы және қолданылу кезеңі); ауа температурасы, атмосфералық жауын-шашындар (сипатталатын жылдар үшін айлық және жылдық жиынтықтар, жауын-шашындардың жиналу коэффициенттері), жер бетіндегі қабаттағы және жерасты суларының айнасынан булануы, қар жамылғысы (көп жылдық мөңдер және айлар немесе маусымдар бойынша бөлінісі) туралы қысқаша мәліметтер;

ауыз су және техникалық сулардың кен орындары үшін гидрологиялық жағдайлар: зерттелетін ауданның гидрографикалық желісі, ағын сулардың, су айдындарының және жайылма учаскелердің морфометрикалық сипаттамалары, суландыру арналарының желісі, суландырылатын егіншілікке арналған алаңдар; гидрологиялық зерделенуі – гидрологиялық станциялардың және суөлшеуіш бекеттер желісі, стационарлық және экспедициялық зерттеулер туралы мәліметтер (бақылау посттарының орналасқан жері, суды жинау алаңдары, кестелердегі нөлді белгілеу және бақылаулар құрамы), бақылау деректерінің анықтығын және гидрологиялық зерделенуі дәрежесін бағалау; гидрологиялық режимнің жалпы сипаттамасы, қоректеу және мұз режимінің сипаттамасы, сипатталатын жылдар үшін судың деңгейлері мен шығыстарының орташа , айлық, жылдық және экстремалды мөңдері, судың жайылымға шығу белгілеулері, жайылымның су басу жиілігі, ұзақтығы және шекаралары, арналар мен жағалардың деформациялану сипаты, ағын сулардың (су айдындарының) қатуы және кебуі және ағынның болмау кезеңінің ұзақтығы, ағын тапшылығы кезеңі, үстіңгі қабаттағы ағын шамасының жерасты суларының белгіленген алыну ауқымдарының қатынасы туралы мәліметтер; мелиорациялық іс-шаралар туралы мәліметтер, техногендік факторлардың әсерінен ағынның табиғи режимінің бұзылу дәрежесі.

## 3. Кен орнының (аумақтың) геологиялық құрылысы және гидрогеологиялық жағдайлары:

ауданның геологиялық құрылысы: стратиграфия, литология, тектоника және ауданның геологиялық дамуының тарихы туралы қысқаша мәліметтер; кен орнының жыныстардың белгілі бір кешендерімен және геологиялық құрылымдарымен байланысы; төрттік шөгінділерде жерасты су қорларын есептеу кезінде – ауданның қысқаша геоморфологиялық сипаттамасы;

ауданның гидрогеологиялық жағдайлары: зерттеу ауданының Қазақстанның гидрогеологиялық аудандастыру жалпы схемасындағы орналасуы: қойылған міндеттерді шешу үшін қызығушылық тудыратын тереңдіктегі стратиграфиялық қимадағы жыныстарының сулану туралы қысқаша мәліметтер; сулы жиектердің (кешендердің) және оларды бөлуші суға төзімді (әлсіз өткізетін) қабаттарын бөлетін таралуы, қуаттылығы, құрылымы және беріктігі; жерасты су деңгейлерінің қалыбы; алаңы және қима бойынша сусыйымдылықты жыныстардың сүзгілік қасиеттерінің өзгеру сипаты; ұңғымалардың дебиттері және жеке дебиттері, бұлақтар мен топтық су алулардың дебиттері; жерасты судың қоректенуі және босау жағдайлары, жерасты және үстіңгі қабаттағы сулардың өзара байланысу сипаты, сонымен қатар, көп қабатты жүйелердегі сулы жиектердің өзара байланыс сипаты; жерасты және олармен байланысты үстіңгі қабаттағы сулардың сапасы;

сулы жиектерді (кешендерді) және жеке учаскелерді салыстырмалы бағалау, орындалған барлау жұмыстарын жолға қою үшін объектілерді (сулы жиектерді немесе кешендерді және олардың учаске шеңберлерінде) тандауды негіздеу;

гидрогеологиялық барлау жұмыстардың бағытын, әдістемесі мен көлемін анықтаған кен орнын (учаске) мен ауданның геологиялық, гидрогеологиялық, гидрологиялық, геофизикалық зерттелуі дәрежесін бағалау;

бағаланатын кен орнын (учаске) ашу, барлау және әзірлеу туралы қысқаша мәліметтер;

кен орны (учаске) алаңының бедері мен геоморфологиясының ерекшеліктері, орман немесе батпақ болуы, ағын сулардың, су айдындарының, құрылыстардың және ауыл шаруашылығы алқаптарының болуы, суды алу аумағындағы құрылыстың инженерлік-геологиялық жағдайлары;

кен орнының (учаскенің) геологиялық-гидрогеологиялық жағдайлары: ашылған сулы жиектердің жайылуының және таралуының сипаты, жерасты су деңгейлерінің жағдайы;

сусыйымдылықты жыныстардың құрамы және фациялық өзгергіштігі, ал сызатты және карстелгендері үшін – аумағы және қимасы жөніндегі сызаттылық және карстелгендік сипаттамасы;

